ПОДДЕРЖАНИЕ И РАЗВИТИЕ ТРАНСПОРТНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ ТРЕБУЕТ ПРИВЛЕЧЕНИЯ БОЛЬШИХ ИНВЕСТИЦИЙ. ОДНА ИЗ МЕР – ПЕРЕСМОТР ТАРИФОВ НА УСЛУГИ ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ. В ЭТОЙ СВЯЗИ ФОНДУ «САМРУК-ҚАЗЫНА» СОВМЕСТНО С МИНИСТЕРСТВОМ ТРАНСПОРТА НЕОБХОДИМО РАЗРАБОТАТЬ НОВУЮ ТАРИФНУЮ ПОЛИТИКУ НА ПЕРЕВОЗКУ ГРУЗОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ.

Олжас БЕКТЕНОВ,
Премьер-министр РК

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№77 (3007)
10/09/2024

ДӘСТҮРЛІ ҚАРЖЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ

Ағымдағы жылдың 5-6 қыркүйек күндері Астанада өткен «Astana Finance Days-2024» дәстүрлі қаржы конференциясының панельдік сессиясының бірі «Жаңа инвесторлар: борыш нарығы екпін алуда» тақырыбында өрбіді. Спикерлер борыштық құралдардың өсуіне ықпал ететін негізгі факторлар, сондай-ақ қор нарығында бизнесті жайғастырудың және нарықтағы қатаң бәсекелестік жағдайында инвесторлар базасын кеңейтудің тиімді стратегиялары туралы ойларын ортаға салды.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Талқылаудың мақсаты – борыш нарығының стратегиясы мен құрылымына, жаңа үрдістерге кешенді шолу жасау, өзекті мәселелерді және инновациялық биржалық өнімдерді қарастыру болды.

Инвесторлар базасын әртараптандыру – табыс кілті, сондықтан сессия барысында шекаралық нарықтарда жергілікті борыш нарығына маманданған инвесторларды тарту тақырыбы қозғалды. Сонымен қатар орнықты қаржыландыруды дамыту және борыштық құралдар институционалдық инвесторларға кірісті қамтамасыз етіп, осылайша дамып келе жатқан және шекаралас экономикасы бар елдерге капитал ағынын ұлғайта отырып, нарықты кеңейту катализаторы ретінде қалай қызмет ететіндігі талқыланды.

Панельдік сессия спикерлерінің бірі «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев өз сөзінде Қазақстан – жаһандық маршруттардың қиылысында транзиттік хаб ретінде әрекет ететінін, ал транзит негізгі табыс көзі ретінде бүкіл экономикаға мультипликативтік әсер беретінін, Дүниежүзілік банктің бағамы 1-ден 3%-ға дейін құрап, ағымдағы дамуына ықпал ететінін атап өтті.

Ал транзиттік әлеуетті дамыту үшін әлбетте аса ауқымды қаражат керек, қазір транзиттік артықшылыққа ие болу үшін бәсекелестік күрес жүріп жатыр. Әрбір жаһандық ойыншының қолында өз бағдарламасы бар, сондықтан ақша тарту үшін жаһандық қаржы институттары мен инвесторлардың қатысуы қажет етілуде.

– Теміржол инфрақұрылымын дамыту ЖІӨ-нің өсуіне айтарлықтай үлес қосады. Жобаның әрбір кезеңінде, айталық құрылыс және пайдалану кезеңінде ҚТЖ инфрақұрылымдық жобаларының салымы ЖІӨ-ге қосымша 1%-ға дейін жетеді. Осы ретте белгілі бір жүктерді (оның ішінде әлеуметтік маңызы бар жүктер) тасымалдауға арналған төмен тарифтер есебінен Компания экономиканың аралас салаларын субсидиялауды жүзеге асыратынын атап өтпекпін. Дәлірек айтсақ, реттелетін тасымалдардағы жүктердің 70%-дан астамы өзіндік құннан төмен жүзеге асырылады. Мәселен, ТМД елдерінің кеңістігінде бізде ғана тарифтердің ең төмен деңгейі белгіленген, айталық, Қазақстанда тариф Тәжікстанға қарағанда орта есеппен 6 есеге, Арменияға қарағанда 5 есеге, Ресейге қарағанда шамамен 2 есеге төмен. Алайда, тарифтің төмендігі теміржол инфрақұрылымын дамытуға инвестицияларды өтеуге және тартуға мүмкіндік бермей отыр. Соған қарамастан Компания өзінің тиімділігін көтеруге жұмыс істеп жатыр. Нәтижесі де жоқ емес. Негізгі өндірістік-қаржылық көрсеткіштер оған дәлел. Мәселен, 2021-2023 жылдары таза пайда (акционерге қатысты) 2021 жылы 120,6 млрд теңгеден 2023 жылы 136,8 млрд теңгеге дейін ұлғайды, ал EBITDA көрсеткіші 21%-ға, кіріс 45%-ға, тарифтік жүк айналымы 12%-ға өсті. ҚТЖ-ның қаржылық тұрақтылығы жыл сайын халықаралық рейтингтік агенттіктердің (Moodys – «Baa2», S&P – «BB», Fitch – «BBB-») ҚТЖ рейтингін беру жолымен расталып отыр, – деді Нұрлан Сауранбаев.

Десе де, теміржол саласын реформалауды табысты жүргізу үшін тарифтік жүйені қайта қарау қажет. Мұны Мемлекет басшысы да жуырдағы Қазақстан халқына Жолдауында айтып өтті. Жалпы бұл жұмысты ҚТЖ Үкіметпен бірлесіп 2022 жылдан бастап жоспарлы түрде жүргізіп келеді, нәтижесінде тарифтердің деңгейін рентабельділікке кезең-кезеңімен жеткізу күтілуде екен. Компания басшысының айтуынша, бұл іс-шаралар Үкіметтің «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ны 2025 жылы IPO-ға шығару жөніндегі жоспарына сәйкес келіп отыр. «Самұрық-Қазына» АҚ-мен бірлесіп, жоспарланған IPO-ны ұйымдастыру және өткізу үшін Citi, JP Morgan және Societe Generale сынды халықаралық консультанттар мен жаһандық үйлестірушілер тартылған. Олар өз кезегінде, тариф деңгейін арттыру және қарызды төмендету, сондай-ақ салынған инвестициялардан кірісті арттыру қажеттілігін растап отырған көрінеді. Сондай-ақ әлеуетті инвесторлар үшін тартымдылықты арттырудың маңызды шарттарының бірі ҚТЖ ҰК АҚ-ға транзиттік тасымалдарды жүзеге асыруға айрықша құқық берілуі болып отыр.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

КЛЮЧЕВОЙ ХАБ НА КАСПИИ

В Мангистауской области осенью начнется строительство контейнерного хаба. Новый объект будет примыкать к международному морскому порту Актау.

Масштабный проект обеспечит обработку и отгрузку контейнерных грузов по направлению Север – Юг и Транскаспийскому международному транспортному маршруту. Строительство контейнерного хаба позволит усовершенствовать местную инфраструктуру порта Актау. Грузы будут принимать как железнодорожным, так и автомобильным транспортом.

– Планируем завершить первую очередь в следующем году, в третьем квартале. Уже сейчас, в сентябре, мы начинаем завоз грунта, подготовку площадей для проведения строительства хаба. После завершения первой очереди пропускная способность порта Актау увеличится до 120 тысяч ДФЭ контейнеров в год. По контейнерам сейчас текущая пропускная способность составляет 70 тысяч ДФЭ в год, – говорит главный менеджер отдела транспортной логистики Актауского морского торгового порта Кайрат Калиолла.

Логистическая площадка будет предоставлять полный спектр услуг по перегрузке контейнеров. На территории хаба расположатся открытые площадки для хранения, будут подведены железнодорожные пути. Дополнительно будут предоставляться услуги по взвешиванию, ремонту контейнеров и сертификации.

– Сейчас приходит много контейнеров. Контейнеры из Китая прибывают на железнодорожных платформах. Все сведения я заношу в специальный журнал и дублирую в цифровую базу данных. Мы распределяем контейнеры по территории порта. А потом контролируем их загрузку на корабль, – рассказал тальман морского порта Жолдасбай Сейсенбаев.

Завершение строительства контейнерного хаба планируется в 2025 году. Реализация проекта позволит увеличить объем перевозок до дополнительных 300 тысяч 20-футовых эквивалентов в год.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНОВ

Қанат КАРБОЗОВ,
Қапшағай мамандандырылған көпір отряды мекемесінің директоры:

БІЗ ӨЗ ҚЫЗМЕТІМІЗДЕ ӘРБІР АСПЕКТ БОЙЫНША САПА СТАНДАРТЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҰМТЫЛАМЫЗ. ҚАЖЕТТІ МАТЕРИАЛДЫ ТАҢДАУДАН БАСТАП ӨНДІРІСТІҢ БАРЛЫҚ КЕЗЕҢІНДЕ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУ ЖАСАУҒА ДЕЙІН НАЗАРҒА АЛЫНАДЫ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АСА МАҢЫЗДЫ IC-ШАРА TRANSLOGISTICA KAZAKHSTAN-2024 КӨРМЕСІНЕ 16 ЕЛДЕН

200

АСА КОМПАНИЯ ҚАТЫСПАҚ.

ҚЫЗЫЛОРДА МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ БӨЛІМШЕСІ БИЫЛ

43,16 км

ЖОЛҒА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗДІ.

ӨТКЕН 7 АЙДА ПАВЛОДАР ЖТ БӨЛІМШЕСІНЕН

44,5 млн тонна

ЖҮК ТИЕЛГЕН.

Транзит

К НОВЫМ РЕКОРДАМ СКОРОСТИ

АО «ОТЛК ЕРА» устанавливает новые рекорды в скорости доставки грузов в направлении Китай – Европа – Китай. К настоящему моменту контейнерные поезда преодолевают этот путь за 5-7 дней.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Астана

Объединенная транспортно-логистическая компания Казахстана, России и Беларуси отправляет в год около семи тысяч контейнерных поездов более чем по 740 маршрутам.

– Чтобы поддерживать высокую конкурентоспособность проекта, Казахстан и Россия развивают все девять стыков железных дорог между странами, – отметил первый заместитель гендиректора ОАО «РЖД» Сергей Павлов. – Сегодня грузы из Китая в Европу и обратно доставляем за 5-7 дней. Колоссальная скорость, колоссальный эффект, и объемы только растут.

Объем перевозок 20-футовых контейнеров в составе ускоренных контейнерных поездов АО «ОТЛК ЕРА» на направлении Китай – Европа – Китай, следующих транзитом по территории Казахстана в первом полугодии этого года достиг 189,1 тысячи ДФЭ. Это почти на 66% больше, чем годом ранее.

Фото Александра ЖАБЧУКА

РАБОТА, ДОСТУПНАЯ КАЖДОМУ

Более 100 вакансий во всех регионах страны представили для соискателей с инвалидностью на онлайн-ярмарке, организованной АО «НК «ҚТЖ» совместно с Samruk Business Academy и проектом QSamruk.kz.

Любовь РОВБА,
Астана

Открывая мероприятие, объединившее на платформе YouTube более 80 участников, менеджер по поиску и подбору персонала АО «НК «ҚТЖ» Мади Жаксыбаев отметил, что оно организовано с целью поддержки и содействия трудоустройству лиц с инвалидностью, раскрытия их потенциала и обеспечения равных возможностей.

– Крупнейший работодатель Казахстана АО «НК «ҚТЖ» проводит прозрачную политику в части найма, поиска и подбора персонала, – отметила руководитель проекта QSamruk.kz Самал Наурызова. – Все вакансии группы компаний Қазақстан темір жолы можно увидеть на электронных ресурсах: Job.railways.kz, Enbek.kz и QSamruk.kz. Эти платформы интегрированы между собой. Заявки от соискателей принимаются только в онлайн-режиме. Пользователь может выбрать для себя любую из трех платформ, и каждый отклик будет увиден.

Спикер на примере сайта QSamruk.kz наглядно показала, как зарегистрироваться и пользоваться личным кабинетом, где в разделе личная информация поставить галочку, чтобы уведомить рекрутеров об имеющейся инвалидности, и прикрепить необходимые справки.

Это дает возможность определения таких кандидатов в приоритетную базу при приеме на работу с учетом соответствия квалификационным требованиям по вакантной должности.

Самал Наурызова предупредила, что на первом этапе отбора кандидатов на вакантную должность отсев проводит роботизированная система.

– Если в вашем резюме не указаны какие-то данные, которые предъявляются квалификационными требованиями, то система откажет вам. К примеру, если указано, что требуется знание казахского языка, но в резюме вы не указали, что он у вас родной или имеется высокое знание языка, вы получите отказ. Также его можно получить из-за несоответствия образования, специализации или опыта работы, – сообщила она.

Ежемесячно по группе компаний ҚТЖ открывается более тысячи вакансий в различных регионах и различного профиля. К настоящему моменту свыше 100 из них – для лиц с инвалидностью. Это такие профессии, как товарный кассир, оператор по обработке перевозочных документов, инженер по охране окружающей среды, экономист, эколог, менеджер и другие.

На сегодняшний день в ҚТЖ трудятся более 1 100 работников, имеющих инвалидность.

Во время ярмарки представители ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», Дирекции магистральной сети, АО «Пассажирские перевозки», Многофункционального центра обслуживания, Центра диагностики пути, АО «Кедентранссервис», ТОО «Военизированная железнодорожная охрана» и «Центра оценки и развития персонала железнодорожного транспорта» озвучили имеющиеся вакансии и рассказали об основных направлениях работы и социальной поддержке работников.

В прямом эфире они дали ответы на интересующие соискателей вопросы по имеющимся вакансиям в разных регионах страны, гибкому графику работы и т. д. Запись онлайн-ярмарки будет сохранена на ютуб-канале ҚТЖ. Кроме того, за разъяснением можно обратиться в единый контакт-центр, указанный на порталах Job.railways.kz, Enbek.kz и QSamruk.kz.

ЕКІ ЕСЕГЕ ЖУЫҚ ӨСКЕН

Жаз – жолаушы маусымы. «Жолаушылар тасымалы» АҚ биылғы маусымды жоғары көрсеткішпен қорытындылап отыр.

Жыл басынан бері, яғни қаңтар-тамыз айлары аралығында Ұлттық тасымалдаушының электропойыздарымен Бурабай курортына 187 мыңнан астам жолаушы тасымалданған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 46%-ға артық. Соның ішінде тек жазғы маусымда Бурабай курортына жеткізілген жолаушылар саны 150 мыңнан асты. Одан бөлек балаларға арналған лагерлерге 1 900 бала жеткізілді.

Биыл Ұлттық тасымалдаушы Астана-Бурабай курорты бағыты бойынша жүретін жоғары жылдамдықты электропойыздың жол жүру уақытын 2,5 сағатқа дейін қысқартты. Электропойыздың қозғалыс кестесіндегі уақыттың қысқаруы жолаушылар тарапынан қолдауға ие болып, оң пікір білдіруде.

Жазғы кезеңде №7509/7510 «Павлодар-Астана» жылдамдықты электропойызының бағыты Көкшетауға дейін ұзартылып, Бурабай курорты станциясында аялдауы да жолаушылар ағынын арттырды. Күн сайын Бурабай бағыты бойынша №6829/6830 «Астана-Көкшетау» электропойызы қатынайды. Сонымен қатар Нұрлы жол вокзалынан №7507/7508 «Астана-Көкшетау» электропойызы жөнелтіледі. Билеттерді bilet.railways.kz сайтында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ теміржол вокзалдарының кассаларында 10 күн бұрын сатып алуға болады.

Ұлан ОРАЗ

КТ rail-news.kz

№77 (3007) 10/09/2024

МОДУЛЬДІК ЖАТАҚХАНАЛАР КӨБЕЙДІ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның арнайы жобасы аясында қолға алынған модульдік жатақханалар түзде жұмыс істейтін темiржолшылар үшін тамаша мүмкіндік туғызып отыр. Шалқар жол дистанциясында өткен жылы он модульдік жатақхана тұрғызылса, биыл тағы үшеуі қатарға қосылмақ.

Бүгінгі таңда Шалқар жол дистанциясы аумағына қарасты Құрлық, Сардөлек және Қопатай разъездерінде жаңа модульдік ғимараттардың құрылысы жүріп жатыр. Дистанцияның бас инженері Қуаныш Құламановтың айтуынша, құрылыс жұмыстары биыл толықтай аяқталып, пайдалануға беріледі.

«2023 жылы 10 модульдік жатақхана пайдалануға берілді. Олар Көкала, Жаңа, Домбар, Бейімбет, Аққайтың, Сарыжиде, Бүйректөбе, Кендала, Төсбұлақ, Ақкеспе разъездеріне қойылды. Ауа райымен санаспай, үйдегісінен түздегісі көп сыртта жүріп еңбек ететін жолшылар үшін бұл өте игілікті жоба болды. Жатақхана кәдімгі тұрғын үйден еш кемдігі жоқ, барлық қажеттіліктермен толық қамтылған. Өте ыңғайлы. Жұмыстары бітпесе жолшылар кейде қонып та қалады. Сондайда бұл үйлердің көмегі зор болып тұр. Тамағын жасап ішіп, жуынып-шайынып, тап-таза жайлы төсекте демалады. Темiржолшылардың әлеуметтік жағдайын жасау бағытында компания қолға алған жобаның игілігін молынан көріп отырмыз. Биыл тағы үшеуін іске қосамыз», – деді Қуаныш Құламанов.

Шалқар жол дистанциясы 589,7 шақырым жолға қызмет көрсетеді, 400-ден аса темiржолшы еңбек ететін ұжымда 22 айналым бар. Қазіргі уақытта дистанция алдағы қысқа дайындық үстінде. Тассайдағы техникалар тұратын ғимарат, Тоғыз станциясындағы кеңсе және дистанция басындағы шеберхана жөндеуден өтіп жатыр. Ғимараттардың есік-терезесі жаңарып, шатырларын ауыстыру жұмыстары жүргізілуде.

Суретті түсірген автор

КӨРСЕТКІШ КӨЗ ҚУАНТАДЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

Қызылорда жүк тасымалы бөлімшесінің Шиелі станциясы – күрежолдың бойында орналасқан ірі тораптық станция. Әрі-бері тынымсыз зулаған өткінші жүк және жолаушы құрамдардан бөлек, өндірістік орындар шоғырланған аймақта жергілікті жүк те аз емес.

Жыл басынан бергі уақыт аралығында өндірістік жұмыс көрсеткіштерін 107 мен 297 пайыз аралығында орындаған станция ұжымы 394 пойыздың 16 757 вагонын бөлшектеп, 14 757 вагондық 410 пойызды құрастырған. Көріп отырғанымыздай, жұмыс көрсеткіштерінің кейбірін шамамен үш есеге жуық асыра орындауға қол жеткізген. Бөлімшенің оңтүстігіндегі тораптық станция бастығының орынбасары Нұрғали Әбжапбаров шілде айында станциядағы атқарылған өндірістік жұмыстар шегіне жетіп, жоспар 113-339 пайыз аралығында орындалғанын жеткізді.

– Бөлімше мен компания басшылығы бекіткен тапсырмалардың жиынтығы біздің жұмыс көрсеткішіміздің өлшемі саналатындықтан оны орындаудан аянып қалған емеспіз. Нәтижеміз міне осындай... Әріптестерімнің барлығына басшылық атынан алғыс айтамын, – деді станция бастығының орынбасары.

Шілде айында 1903 жүк вагонын кірме жолдарға берген шиеліліктер ол жолдарда 1893 вагонға жүк тиеп, тиісті бағытқа жөнелткен. Станцияның пойыз құрастырушылары бір айдың ішінде пойыздардан 2100 вагонды ажыратып, 2094 вагонды пойызға жеккен. Осыншама ауқымды жұмыстың техникалық талапқа сай құжаттарын реттейтін темiржолшылар – тауар қабылдап жөнелтушілер, техконтор, тауар кассирлері, станция диспетчерлері мен кезекшілерінің кәсіби шеберлігі шиеліліктерді осындай нәтижеге жеткізіп отыр.

Суретті түсірген автор

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ СҮРЛЕУІМЕН...

Елордадағы «Астана» халықаралық қаржы орталығында жыл сайынғы «Astana Finance Days-2024» конференциясы өтіп, шара аясында «Белдеу және жол» бастамасы бойынша сессия ұйымдастырылды. Онда осы жоба аясында Қазақстанның дамуы, сынтегеурінге төтеп беруі мен келешегіне салынған инвестициялар жайы талқыланды.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Іс-шараға Қазақстан тарапынан «KTZ Express» АҚ бас директоры Дамир Қожахметов қатысты. Шетелдік қонақтар қатарында Шанхай қор биржасының атқарушы вице-президенті Лю Хао, TF International Securities «Белдеу және жол» бастамасын дамыту департаментінің тең басшысы Лоуренс Цанг, Азия-Австралия аймағының басқарушы директоры, China International Capital Corporation Limited инвестициялық банкингтің басшысы Барри Чан болды.

– «Астана» халықаралық қаржы орталығы – «Белдеу және жол» бастамасының қаржылық инфрақұрылымының маңызды бөлігі. Ежелгі Жібек жолын жаңғыртуға бағытталған бастама Орталық Азияның дамуында үлкен рөл атқарады. Бүгін біз осы конференция аясындағы «Белдеу және жол» бастамасы: Эволюция және одан арғы жол» атты сессияда осы бастама аясында Қытай мен Қазақстанда, жалпы Орталық Азия елдерінде көптеген бірлескен жұмыстар жүргізілгеніне көз жеткізіп отырмыз, – деді Барри Чан.

Қытай он жыл бұрын батысқа жол салуды көздеп, іске қосқан аталған бастама бойынша Қазақстан тек қатысушы болып қана қоймай, Қытай мен Еуропа арасындағы заманауи көлік дәлізін жаңғырту ісінде басты ойыншыға айналды. Қытай тарапы инфрақұрылымдық бастаманы жүзеге асыру ісінде Қазақстанға иек артуға мүдделі болды. Себебі Қазақстан – Батыс пен Шығыс арасындағы өзара ықпалдастық байланыстарды біріктіретін маңызды көпір. Осы арқылы біздің еліміз де өз мүддесін көздейді. «KTZ Express» АҚ бас директоры Дамир Қожахметов бастаманы іске асыруда ҚТЖ қандай рөл атқаратынына тоқталды.

– Темiржолмен жүк тасымалын ұйымдастыратын біздің акционерлік қоғам – ҚТЖ компаниясының еншілес ұйымы болып саналады. Қазақстан қазіргі таңда ірі транзиттік хабке айналуда, осы мақсатқа жету жолында да Еуропа мен Қытайды Қазақстан арқылы байланыстыратын аталған бастаманың тигізер әсері көп болды. Клиенттеріміздің жүктерін қысқа мерзімде тасымалдауды жүзеге асыруға бар күшімізді саламыз. Тауар ағыны Қорғас арқылы жүргізіліп жатыр. Биыл қытайлық әріптестерімізбен бірге үшінші жобамызды жүзеге асыруды бастадық. Сонымен қатар Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамыту бойынша да жұмыстарға қатысамыз. Биыл ақпан айында Мемлекет басшысының қатысуымен Қытайдың Сиянь қаласында жаңа терминалымызды іске қостық, – деп ақпар берген ол модератордың сұрағына орай Орта дәліз жұмыстары туралы да баяндады. Бұл бағыт 5 елді басып өтіп, Қара теңізге бағыт алады. Сонымен қатар ол қаржыландыру тақырыбына да тоқталды. Компанияның аталған бағыттағы кеңейтілген жоспарын негізге ала отырып, болашақта жасыл облигацияларды пайдалануды көздейтінін жеткізді. Себебі темiржол арқылы қоршаған ортаға зиян аз келеді. Д.Қожахметов бүгінде ҚТЖ-да жүзеге асырылып жатқан 4 инфрақұрылымдық жоба жөнінде де мәліметтер берді.

2018 жылдан бері өткізіліп келе жатқан AFD конференциясы қаржы саласының жетекші сарапшыларын, Еуразия өңірінің инвесторлары мен бизнес-көшбасшыларын біріктіретін басты платформа. Жыл сайын оған 70-тен астам елден 3000-нан астам адам қатысады, бұл оның Орталық Азияның қаржылық өміріндегі мән-маңызын айшықтайды. Биыл конференция қаржы секторындағы озық технологияларды, Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктерін және қаржының орнықты дамуға және қоғамдағы оң өзгерістерге әсерін талқылау мақсатында «Инновация. Инвестиция. Серпін» тақырыбында өтті.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

АУЫР САЛМАҚТЫ ПОЙЫЗДАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУДА

ТАСЫМАЛ

Ел шығысындағы темiржолшылар үшін салалық қызметтегі негізгі басымдық – жүк тасымалы. Осы бағытта ішкі нарық пен экспортқа шығарылатын жүктердің айналымын тұрақты қамтамасыз етіп, қозғалыс қауіпсіздігін сақтау және көрсеткіштерді жақсарту көзделеді.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Бұл орайда Семей ЖТ бөлімшесі жыл үлесінде біршама жетістіктерге қол жеткізді. Жаз бойғы жүргізілген жұмыстар нәтижесінде жуырда басталған астық тасымалы мен көмір тиеу-түсіру жұмыстарында іркіліс жоқ.

Мәселен, ағымдағы жылдың өткен жеті айында семейлік темiржолшылар жалпы көлемі 6,1 млн тоннадан астам жүк тиеп жөнелткен. Бұл орайда облыс ішіндегі тасымалдау қарқыны 4 пайызға жоғарылаған. Ал экспортқа шығарылған жүктердің көлемі 1,3 млн тоннаны құрап отыр. Бұл көрсеткіш әлбетте жыл соңына дейін біршама қарқынмен жоғарылайтыны анық. Себебі астық тасымалы мен көмір жеткізуде тапсырыстар әлі де көптеп қабылданып жатыр.

Көмір демекші, осыған дейін бөлімше басшылығы мен облыстық әкімдік бірлесіп аймақтағы жылу электр станциялары мен тұрғылықты халықты қатты отынмен қамтамасыз ету мәселелерін талқылаған болатын. Осы орайда биылғы жылу маусымы үшін Дегелең станциясынан 3,3 млн тонна көмір тиеліпті. Оның 340 мың тоннадан астамы Өзбекстан, Беларусь, Ресей және Қырғызстан елдеріне экспортқа жіберілген. Бұл көлем осы қыркүйек айынан бастап арта түсуде.

Жүк тасымалы бойынша қазіргі таңда Дегелең-Ақсу-Жаңа-Семей станциялары бойынша ауыр салмақты пойыздарды тоқтаусыз өткізу ісі ұйымдастырылуда. Бұл шаралар алдын ала жоспарланғандықтан тиімді нәтиже беруде. Дегелеңдік темiржолшылар тәулігіне сұранысқа қарай 450-490 вагоннан тұратын 6 немесе 7 жылжымалы құрамды құрастырып, жолға шығара алады.

Сол тәрізді бүгінгі күндері бөлімшеге қарасты ірі жүк станциялары Ауыл, Семей, Жаңа-Семей мен Жаңғызтөбе, Аягөз станциялары бойынша жүк пойыздарын құрастыру да көбейіп келеді. Тек тепловоз санын арттыру қажет, тораптық Семей мен Жаңа-Семей станцияларында тепловоздарға сұраныс біршама артып отыр. Әсіресе астық пен майлы дақылдардың тиелу көлемі үлкен Ауыл, Белағаш станцияларына тепловоздар бірінші кезекте жіберіледі. Басты себеп, күзгі астық тасымалының қарқын алуы болып отыр. Мәселен, бір ғана Абай облысының көлеміндегі төрт лицензияланған элеваторға бидай мен арпа жеткізу жұмысы темiржолшылар мойнында. Мұның сыртында алдағы қазан айында орақ түсетін күнбағыс, рапс сынды майлы дақылдардың алды шетелдерге экспортталмақ.

Биылғы жаз бойы күзгі және қысқы маусымдардағы жүк тасымалын қамтамасыз ету мақсатында вагон шаруашылығы бойынша елеулі жұмыстар жүргізілген болатын. Соның нәтижесінде 80 мыңнан астам вагон дайындалған еді. Соның аясында Семей, Жаңа-Семей, Аягөз, Дегелең станциялары бойынша 3 мыңнан астам жүк вагондары күрделі жөндеуден өткізілді. Жалпы, күзгі көмір тасымалы кезеңінде вагон жетіспеушілігінің алдын алу күн тақырыбынан түспейтін өзекті мәселелердің қатарына жатады. Қазіргі таңда күллі бөлімше бойынша вагондарды сұрыптау мен жинап алуда, жартылай вагондардың айналымын жылдамдатуда ешқандай кедергі жоқ. Өндіріс барысындағы процестер басшылық назарында тұр.

Суретті түсірген автор

№1 Қосымша

САУДА-САТТЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС 2024 жылдың 27 қыркүйекте сағат 10:00-де (Астана уақытымен) мемлекеттік мүлік Реестрінің веб-порталында www.gosreestr.kz басталатын «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС -нің мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілуі туралы жариялайды.

Объекті сату «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС мүлкін сату қағидасымен 2019 жылғы 05 маусым №2 хаттамамен бекітілген (бұдан әрі – Қағида) және «Ақпараттық-есептік орталық» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2014 жылдың 23 мамырдағы № 66 хаттама) бекітілген Мемлекеттік меншік реестрінің веб-порталында мүлікті сату бойынша электрондық сауда жүргізу регламентіне сәйкес жүзеге асырылады (бұдан әрі – Регламент).

Аукционға бағаны жоғарылату әдісі бойынша келесі Объект қойылады:

Лот «Mercedes-Benz S350 4MA» автокөлігі, түсі қара, тіркеу нөмірі №B104XA777, шығарылған жылы 2011, қозғалтқыш көлемі (куб. см.) 3498, орналасқан жері Москва қаласы, Гончарная көшесі, 21 үй, бастапқы бағасы 7 671 147,12 теңге, кепілдік жарна 1 150 672,07 теңге.

Саудаға қатысушыларды реестрдің веб-порталында тіркеу хабарлама реестрдің веб-порталында жарияланған күннен бастап жүргізіледі және сауда басталғанға дейін екі сағат қалғанда аяқталады.

Кепілдік жарналар «Ақпараттық-есептік орталық» АҚ-ның есепшотына төленеді: ИИК KZ736010111000022204, «Народный Банк» АҚ, Астана қ., БИК HSBKKZKX, БИН 031040001799, Кбе 16. Төлемнің мақсаты: электрондық аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (кепілдік жарнаның өлшеміне банктік қызмет атқарудың төлемақысы кірмейді).

Кепілдік жарна түрінде банктік кепілдік қабылданбайды.

Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-есептік орталық» АҚ-ның есепшотына уақытылы түсуі үшін өтінішті қабылдаудың аяқталуына дейін үш күннен кешіктірмей төлеуді ұсынады.

Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама тізілім веб-порталымен қалыптасады және сауда-саттықты өткізу күні сатушы мен сатып алушының ЭЦҚ-ны қолдануымен қол қойылады.

Сауда-саттықта жеңген қатысушымен сауда-саттық нәтижелері туралы хаттаманы қол қоюдан бас тартқан жағдайда сатушымен кепілдік жарна қайтарылмайды.

Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамасы аукцион нәтижелерін белгілейтін және жеңімпазбен сатушының сату бағасы бойынша объектіні сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемелері туралы құжат болып табылады.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына тізілімнің веб-порталы сауда-саттықтар нәтижелерін шығарған күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей қол қояды.

Аукционды өткізу тәртібі туралы ережелермен, сауда-саттыққа қатысуды рәсімдеу тәртібімен, Жеңімпазды анықтау тәртібі бойынша «Ақпараттық-есептік орталық» АҚ-ның www.gosreestr.kz сайттарында жұртшылыққа қолжетімді орналасқан Қағидамен және Регламентпен танысуға болады.

Сауда-саттық туралы қосымша ақпаратты 8 (7172) 610-317 («ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС) және 8 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ) телефондары бойынша анықтауға болады.

№77 (3007) 10/09/2024

В ФОРМАТЕ ОТКРЫТОГО ДИАЛОГА

ФОРУМ

В Алматы прошел Казахстанско-Германский логистический форум на тему «Казахстан – мост между Европой и Азией», который объединил ведущих представителей крупных международных логистических компаний и ассоциаций, а также экспертов из ведущих учебных заведений Центральной Азии и Европы.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Среди участников – представители Института CAREC (Урумчи, Китай), ЕС, генеральный консул Германии в Алматы Маттиас Кислер. Форум прошел в Казахстанско-Немецком университете.

Цель форума – обсуждение перспективы развития транспортных коридоров и укрепление сотрудничества в области логистики и торговли.

В ходе встречи участники поделились опытом, обсудили инновационные решения в транспортной инфраструктуре, цифровизации и оптимизации логистических процессов.

В частности, говорилось о Концепции развития транспортно-логистического потенциала Республики Казахстан до 2030 года, предусматривающего 179 инфраструктурных, финансовых и организационных мероприятий, 49 мероприятий, направленных на реализацию инфраструктурных проектов, обновление подвижного состава и другое. Комплексный план развития контейнеризации грузов и контейнерных перевозок в РК на 2025-2029 годы предусматривает 56 мероприятий. Исполняющий обязанности генерального директора Союза транспортников Казахстана Kazlogistics Талгат Лесов рассказал о новых возможностях и перспективах развития Транскаспийского международного транспортного маршрута.

Подчеркивалось, что планируемый объем инвестиций на развитие инфраструктуры всех стран, расположенных по коридору ТМТМ, превышает 10 миллиардов долларов. Учитывая, что торговля между Китаем и Европой увеличивается ежегодно, по оценкам международных экспертов прирост совокупного объема перевозок через Каспийское море к 2030 году составит 200%, а транзит через Средний коридор увеличится на 300%.

